

Байзақ ауданы Сарыкемер ауылдық округінің Сарыкемер ауылының кейбір құрамдас бөліктерін қайта атау туралы

Жамбыл облысы Байзақ ауданы Сарыкемер ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 15 шілдедегі № 109 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 29 желтоқсандағы қорытындысы негізінде және халықтың пікірін ескере отырып, Сарыкемер ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Байзақ ауданы Сарыкемер ауылдық округінің Сарыкемер ауылының келесі құрамдас бөліктері қайта аталсын:

- К.Орынқұлов көшесінің 2-бұрылысы Жүсіп Баласағұн көшесіне;
- К.Орынқұлов көшесінің 3-бұрылысы Махмуд Қашқари көшесіне;
- К.Орынқұлов көшесінің 4-бұрылысы Қожа Ахмет Йассауи көшесіне;
- К.Орынқұлов көшесінің 5-бұрылысы Әйтеке би көшесіне;
- К.Орынқұлов көшесінің 6-бұрылысы Қазыбек би көшесіне;
- Байзақ батыр бұрылысы Мәңгілік Ел көшесіне;
- Сәкен Сейфуллин бұрылысы Ахмет Байтұрсынұлы көшесіне;
- Көлқайнар бұрылысы Домалақ ана көшесіне;
- Қаныш Сәтбаев бұрылысы Ыбырай Алтынсарин көшесіне;
- Дінмұхамед Қонаев бұрылысы Томирис көшесіне;
- Қайрат Рысқұлбеков бұрылысы Бейбарыс сұлтан көшесіне;
- Бәйдібек баба бұрылысы Талас көшесіне;

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарыкемер ауылдық округінің әкімі

Е. Заурбеков